

Г.Ж. МЕҢЛІБЕКОВА^{1*}, С.Б. ИБРАЕВ¹

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
gmen64@mail.ru, sayat_ibrai@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ТҰЛҒАСЫНЫҢ КӘСІБИ СӘЙКЕСТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: МЕТАКОГНИТИВТІ ТҰҒЫР

Аңдатпа

Мақалада тұлғаның кәсіби сәйкестілігін қалыптастыруды зерттеуге қатысты метакогнитивті тұғырдың алатын орны, мәні мен мазмұны қарастырылады. Ғылыми зерттеулердегі метакогнитивті тұғырды және метакогнитивті білімнің құрылымын қолданудың өзіндік маңызы негізделеді. Метакогнитивті тұғыр метакогнитивті білімнің сенімділік критерийін анықтайды. Метакогнитивті тұғыр негізінде тұлғаның кәсіби сәйкестілігі феноменінің түрлі ғылыми дискурстегі зерттелу деңгейіне мазмұндық талдау жүзеге асырылады. Философия, әлеуметтану, психология, когнитивті ғылымдар, педагогика салаларының пәндік және транспәндік шеңберінде кәсіби сәйкестілікті метакогнитивті тұғыр негізінде ұғынудың мәніне, жалпы сәйкестіліктің үздіксіздігі, динамикалығы, заманауи трансформациялық процестерге берілгендігі сипаттамаларына талдау беріледі. Ғаламдық жауаптылық пен іс-әрекетке есеп беруді талап ететін кеңістік пен персонализациялау жағдайында да кәсіби сәйкестілікті құрылымдауға серпінді қадам жасау қажеттілігі айқындалады.

Түйін сөздер: кәсіби сәйкестілік; метатаным; метакогнитивті тұғыр; метабілім.

Кіріспе. Ғаламдық пандемия COVID-19 қоғамның барлық салаларында (экономикалық, саяси, әлеуметтік) тәжірибе мен саясатты жылдам қайта өзгертуді талап етті, өйткені трансформациялық процестер мамандардың кәсіби іс-әрекетті жоспарлау, жобалау, жүзеге асыру, бағалау стратегиялары мен тактикасына өзгерулер енгізуге ықпал етті. COVID-19 пандемиясы «вирустың таралуын тоқтатудың жалғыз ғана баламасы болатын технологияларды қолданудың жаңа сценарийін жасады. Әкімшілік және академиялық процестер университеттік қауымдастықтың қызметтерді ұсынудың негізі болып саналады, сондықтан да цифрлық трансформация процесін көрсететін жоғары оқу орындарының процедуралары мен мәдениетін өзгеруді, цифрлық технологияларды кіріктіру қажеттілігі пайда болады» [1].

Әлеуметтік педагог тұлғасының кәсіби сәйкестілігін қалыптастыруды

метакогнитивті тұрғыдан зерттеудің өзектілігі қоғамның мәдени және әлеуметтік трансформациялануынан туындайтын жаңа міндеттерді шешу қажеттілігін негіздейді.

Демек, білім беру әлеуметтік-мәдени институт ретінде қоғамның әлеуметтік-мәдени динамикасымен тығыз байланысты болғандықтан, ақпараттық әлеуметтіліктің (ақпараттық ағымның үздіксіз қозғалуы, сызықтық емес даму сипаты, өзгерулердің болжамсыздығы) басым болатыны ақиқат, өйткені білім берудің әлеуметтік саясаттың басқа түрлеріне қарағанда (отбасылық саясатты қоса алғанда) білімдерді, дәстүрлерді, сәйкестілік пен мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа беруге тигізетін ықпалы орасан зор. «Түрлі қоғамдар арасында мәдени айырмашылықтар (гендерді рөлдер, этникалық жағынан пайда болған нарративтер, діни сәйкестілік, даралық, автономия мен ұжымдық) ғаламдық мәдени әркелкілікті қолдауға күдік туғызады, бірақ соңғы уақытта сая-

сат зерттеушілері сәйкестілік пен мәдениет арасындағы айырмашылыққа назар аударып отыр» [2].

Әлеуметтік педагогтың кәсіби және тұлғалық өмірлік өзіндік анықтау жоғары әлеуметтік белгісіздіктің және транзиттілік жағдайында жүзеге асады және оған даму варианттарының алуан түрлілігі тән болғандықтан, тұлғаның кәсіптік сәйкестілігінің шарттары мен факторларын метакогнитивті тұғыр тұрғысынан айқындаудың қажеттілігіне маңыздылық сипат береді. Өмірлік өзіндік анықтаудың құндылықтық мәндік табиғаты өмір мәнінің жалпыадами критерийлеріне қатысты «Менді» анықтау ретінде көрініс табады және осы өзіндік анықтау негізінде өзін-өзі жүзеге асыру кәсіби сәйкестілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеу мақсаты әлеуметтік педагог тұлғасының кәсіби сәйкестілігін қалыптастырудағы метакогнитивті тұғырдың мәнін нақтылау болып табылады, өйткені «пандемия ғалымдардың өздерінің ғылыми жаңалықтарын тәжірибе мен саясатқа енгізудегі өзгермелі рөлін айқын көрсетті» [3].

Негізгі бөлім. Индивидтің тұлғалық және әлеуметтік сәйкестілігін бейнелейтін категориялар ұзақ уақыт бойы ғылыми психологиялық және философиялық дискурс аясындағы зерттеушілердің басым бөлігі тарапынан қарастырылды.

Сәйкестілік ғылыми дискурстағы жаңа термин ретінде түсіндірілді. XX ғасырдың екінші жартысында ғана әлеуметтану саласында зерттеулердің сәйкес келетін саласы ретінде рәсімделді. XX және XXI ғасырлар тоғысындағы трансформациялық қайта құрулардың динамикасы шеңберінде заманауи әлемдегі бірінші және екінші әлеуметтенудің әлеуметтік процестерін анықтайтын факторлардың санының артуы, қоғамның әлеуметтік құрылымының күрделенуі мен индивид мүше болып табылатын әлеуметтік топтар санының өсуі, олардың атқаратын әлеуметтік рөлдерінің көптігі және қайшылықты сипатта болуы әлеуметтанушылардың айрықша қызығу таңытуына ықпал етті.

Дегенмен, индивидуум өмірінің өзін-өзі түсіну, өзін-өзі анықтауы және өзін-өзі белгілеуімен байланысты аспектілерін зерттеу ертеден бастап адам және қоғам туралы ғылымдар өкілдерінің айтарлықтай назарында болғаны ақиқат.

Сәйкестілікті зерттеудің философиялық дәстүрі тарихи тұрғыдан қарағанда алғашқы деп танылды. «Сәйкестілік» феноменін грек топырағынан шыққан ойшылдар да қарастыра келе, адамдағы жекелік/тұлғалық пен әлеуметтіліктің арақатынасы мәселесін назардан тыс қалдырмады. Классикалық еуропалық философияда рефлексивті субъективтілік концептісіне басымдық берді.

Әдістері мен оны ұйымдастыру. Әлеуметтік педагог тұлғасының кәсіби сәйкестілігін метакогнитивті тұғырда зерттеуде теориялық зерттеу әдістері қолданылды. Әдіснамалық негізі ретінде метакогнитивті тұғыр таңдап алынды. Әлеуметтік сәйкестілік индивидуум мен ұжым арасындағы және «ұжымдық» дегенді қалыптастыратын «Мен» және «біз» арасындағы қарым-қатынастарға жатады және тұтастықтың бөлігі ретінде «әлеуметтік Мен» бағдарына да қатысты болады. Шетелдік ғалымдардың пайымдауы бойынша, әлеуметтік сәйкестілік құрамында әлеуметтік категоризация, әлеуметтік идентификация, әлеуметтік салыстыру маңызды рөл атқарады. Стетсу және Берку категоризацияны адамдар мен топ мүшелерінің ұқсастықтарын қабылдаудың нәтижесі ретінде түсіндіреді, сонымен қатар топтан тыс мүшелермен салыстырғанда олардың қатынастарында, сенімдерінде байқалатын және мінез-құлықтарымен байланысты айырмашылықтарды да атап көрсетеді. Әлеуметтік категориялар өмірде орын алып отырған құрылымдалған [4], иерархиялық градирлі [5], әлеуметтік құрылымды бейнелейді.

Топтармен болатын әлеуметтік идентификация топаралық сипаттамаларды кіріктірумен ғана шектелмейді, топ мүшелерінің символикалық бірігуінің (когеренттілік) әкелетін және ұқсас әлеуметтік мінез-құлықтың интернализациясына жеткізетін психологиялық иден-

тификация формасындағы психологиялық мазмұнға ие болады [6].

Әлеуметтік категоризация әлеуметтік-когнитивтік процесс болып саналады, сөйтіп сегментацияның есебінен әлеуметтік орта модельдейтін топ арасындағы шекараны тереңдете түседі. Бұл өз кезегінде индивидтердің когнитивтік функцияларын бұрмалауды, стереотиптерді өндіруге әкеліп соғатын стереотиптердің пайда болуына ықпал етеді.

Негативті стереотиптер салыстырылатын топтар арасындағы иерархия түзілетін топшілік мүшелердің атынан сыртқа шығарылатын топтан тыс, яғни аут-топтың құнсыздануы контекстінде моральдық артықшылық идеологиясымен және әлеуметтік айырмашылықтармен, бағдарлармен, нанымдармен байланысты. Позитивті сәйкестілікке, яғни «қалайтын Менге», әлеуметтік категорияның бедел, мәртебе мен билікке негізделген әлеуметтік салыстыру арқылы қол жеткізіледі [7].

Әлеуметтік сәйкестілік теориясы өзіндік категоризация теориясында одан әрі дамытылды. Өзіндік категоризация өзін әлеуметтік категорияға жатқызатын когнитивті процесс ретінде қабылданатын топшілік және топтан тыс стимулдардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын күшейте түседі, бұл орайда индивидтерді ұжымдық және бірізді санасы айқын психологиялық топқа айналдыруды түсіндіруге басымдық береді. Әлеуметтік топтардың шеңберінде индивидтер өздерінің және өзгелердің топтары туралы когнитивті модельдерді (репрезентацияны) қалыптастырады да, индивидтердің қабылдауын, сезімдері мен іс-қимылдарын деперсонализациялайды (дербестендірмейді), сондай-ақ ішкі және сыртқы топтардың мүшелері туралы пікірлер мен ұғымдарды гомогенизациялайды [8].

Жүйелі ізденістерге жасалған талдау кәсіби сәйкестілікті зерттеуді үш категорияға бөлуге негіз болды: бірінші категориядағы зерттеулер кәсіби сәйкестілікті қалыптастыруға назар аударды; екінші категориядағы зерттеулерде мұғалімдердің өздерінің тарапынан кәсіби сәйкестіліктің

сипаттамаларын анықтауға басымдық жасады; үшінші категориядағы зерттеулерде мұғалімдердің тарихында, олардың айтқан оқиғаларында көрініс тапқан кәсіби сәйкестілік туралы ізденістер орын алды.

Шетелдік әдебиеттерде кәсіптің алты сипаттамасы анықталған, атап айтқанда тұтынушы мен қоғам алдындағы міндеттемелер; білімнің мамандандырылған көлемі; дағдылардың мамандандырылған және бірегей жиынтығы; белгісіздік жағдайында адал үкім шығару қабілеті, тәжірибе негізінде жаңа білімнің өсуі; кәсіби тәжірибеге мониторинг және бақылауы жүзеге асыратын кәсіпқойлар қауымдастық [9].

Әлеуметтік педагог тұлғасының кәсіби сәйкестілігін қалыптастыруды зерттеу жоғары оқу орындарының оқытушылары мен «жалпы білім беретін мектептердегі тәлімгерлер үшін өте маңызды, өйткені болашақ педагогикалық қызметкерді қолдауды концептуализациялау және мейлінше жақсы түсінуге» мүмкіндік береді [10].

Bullough R.V. «Practicing theory and theorizing practice» атты еңбегінде «Мұғалімнің сәйкестілігі енді ғана қызметті бастаған мұғалімдердің оқыту мен оқу туралы нені ойлайтынын көрсетеді, әрі мән мен шешім қабылдауды қалыптастырудың негізі болып табылады, сондықтан да оны оқытуды мұғалімдік «менді» зерттеуден бастауы керек» деген тұжырымды негіздеді [11].

Шакурова А.В. білім беру мекемелерінде еңбек іс-әрекетінің субъектісі ретіндегі мұғалімдердің кәсіби сәйкестілігінің өзгешелігін мазмұндық интерпретациялау мақсатында «еңбек іс-әрекеті субъектісінің сәйкестілігі» деген ұғымды ұсынды. «Дара кәсіби сәйкестілік» қызметкердің еңбектік мінез-құлқын оңтайландырудың ресурсы болатын және тиімді тәжірибені меңгеру, құзыреттер мен рөлдерді игеру, құндылықтарды эмоционалды қабылдау негізінде кәсіптік әрі ұйымдасқан қауымдастықтың мүшесі болуға жағдай жасайтын субъектінің сипаттамасы болып

табылады. Кәсіби сәйкестілік құрылымы әлеуметтік психологиялық (әрекеттің түрі ретінде кәсіптің жалпылай өкілдерімен сәйкестендіру), өндірістік-технологиялық (еңбек мазмұнымен сәйкестендіру) және ұйымдастырушылық-мәдени (мәдениет құраушы негіздері бар ұйымдасқан ортамен сәйкестендіру) бөліктерден тұрады [12].

Кәсіби сәйкестілік мұғалімдердің әлеуметтік-кәсіби шоғырландырылуын қамтамасыз етеді. Чикарова Г.И. ұсынған тұжырымға сай «кәсіби сәйкестілік құрылымы мамандық/кәсіп статусының бағалық сипаттамасы; әлеуметтік идентификацияның жалпы құрылымындағы мамандықтың/кәсіптің маңыздылығы; корпоративті мәдениетке қатысты берілгендік/сенімділік/адалдық; кәсіби құндылық; кәсіпке қанағаттанушылық; еңбек мотивациясы; кәсіби стратегиялардан тұрады» [13]. Кәсіби сәйкестілік адамның еңбектің өзгермелі жағдайына бейімделуін қамтамасыз етумен қатар тұрақтандыру (кәсіптік-ментальді позицияға қажетті тұрақтылық дәрежесін қамтамасыз ету арқылы) және түрлендіруші (кәсіби өзіндік дамуға одан әрі ынталандыру арқылы) функцияларды орындайды, сондай-ақ адамның кәсібилік деңгейі мен кәсіби ортаның қоятын талаптары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

Мансаптық жетістік ХХІ ғасырда өнімділікпен, қанағаттанумен және өзін-өзі жүзеге асырумен байланысты болғандықтан, кәсіби сәйкестілік өзіне-өзі алған міндеттемелердің баламалары мен таңдалған баламаларды кәсіби зерттеу және кәсіби баламаларды қайта қарауды керек етеді. Белгілі бір кәсіпке немесе мамандыққа міндеттемелік еңбектің динамикалық әлемінде мансаптың тұрақтылығына ықпал жасайды. Күшкі кәсіби сәйкестілік – бәсекеге қабілеттілік саласындағы қажеттілік болып саналатын кәсіби сипаттама.

Ересектік өмірге қадам басудың жасаралық кезеңінің тұлға дамуының дербес жас кезеңі ретінде түйінді сипаттамасы оның өзін-өзі анықтауы мен одан әрі жалғасатын өмірлік жолын таңдау болып саналады [14].

К.А. Абулханова-Славская кәсіби сәйкестілікті кәсіптік өзін-өзі жүзеге асыру ба-

рысында пайда болатын феномен ретінде тұлғалық қалыптасу аспектісінде қарастыра келе, сәйкестіліктің өмірлік позицияға, өмірлік бағыттарға және өмірдің мәніне қатысты құбылыстарға басымдық беріп, оның кәсіпте тұлғаның өзін-өзі көрсету ерекшеліктеріне сай болатын келесі түрлерін ажыратты:

– өзін-өзі көрсету тұлғалық сипаттамаларға жеткілікті деңгейде жақын келетін кәсіптік таңдау арқылы жүзеге асады (өмірлік перспектива тұлғаның өз мүмкіндіктерін жүзеге асыратын жағдаяттардың қайталануымен байланысты);

– кәсіп/мамандық тұлғаға кәсіби шеберліктің деңгейлері бойынша жоғарылауға мүмкіндік береді (бұл процесс позитивті динамика мен кәсіби позициялардың сапалы өзгерулеріне ықпал жасайды және тұлғаның қабілеттерін дамытады);

– өзін-өзі көрсету тұлғалық сапа мен қабілеттердің жетілуі мен дамуына негізделеді, өйткені кәсіп/мамандық тұлға дамуы үшін мүмкіндік ұсына отырып, тұлғалық әлеуетті өзектендіреді;

– кәсіпте өзін-өзі көрсету шығармашылық белсенділікті, қабілеттерді дамытуды, өзін-өзі бақылауды, өзін-өзі талдауды жобалауға негізделеді [15].

Сәйкестілік және оның түрлері (әлеуметтік мәдени, мәдени, ұлттық, азаматтық, этникалық) тәрізді категорияларға талдау негізінде Л.М. Тарантей

«Педагогтің сәйкестілігіне жалпы сәйкестіліктің үздіксіздігі, динамикалығы, заманауи трансформациялық процестерге берілгендігі сияқты жалпы сипаттамалары тән және әлеуметтік әрі мәдени сәйкестіліктің негізін құрайды» деген пікірге тоқталады [16].

Кәсіби сәйкестік – тұлғалық, әлеуметтік, тарихи және саяси контекстегі бірнеше құрылымдалған, өзгермелі, қайта құрылымдалатын өзгерулер, бәсеке және келісімдер [17], кәсіби өзін-өзі анықтау субъектісінің белсенді рефлексиялық процесінің нәтижесі [18], тұлғаның кәсіби дамуының критерийі [19], педагогикалық мамандық бейнесіне/эталонына қатысты алғанда «Мен мұғаліммін» позициясын ұғынуы

мен әсерленуді қамтитын күрделі тұлғалық құрылым [20], метакогниция [21].

Кәсіби сәйкестілік адамға тұтастықты, сәйкестілікті және оның өзіне өзі сенімді болуын қамтамасыз ететін көпөлшемді және интегративті психологиялық феномен [22] және дағдылар, функциялар, білім құндылықтары мен этика, тұлға, тооптық сәйкестілік т.б. ұғымдарды [23] қамтиды.

Кәсіби сәйкестілік туралы әдебиеттерде даму келешегі, профилактикалық шеңбер, сауықтыру бағдары, адвокация, құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту, кәсіби ассоциацияларға қатысу, сала үшін мақтаныш, тарих, философия, кәсіптің рөлі туралы білімдер т.с.с. ұғымдар жиі кездеседі. Дегенмен, кеңесшілердің кәсіби сәйкестігінің эволюциясына қарамастан, кеңес берудің консенсустық анықтамасы болса да, бірқатар ғалымдар кәсіпаралық ортада жұмыс жасайтын кеңесшілердің бірыңғай ортақ кәсіби сәйкестігінің жоқ екенін алға тартады.

«Денсаулық сақтау жүйесіндегі кеңесшінің кәсіби интеркәсіби болуы керек деген тұжырым жасауға болады» [24].

Жекелей оқыту мен жауапкершілік дәуірінде мұғалімнің кәсіби сәйкестігіне ықпал ететін көптеген қарама-қайшылықты сипаттағы талаптармен бетпе-бет келетіні айқын, сондықтан педагогтар әлеуметтік жауапкершілік пен іс-әрекеттің нәтижелеріне қатысты жауап беруді талап ететін саяси орта шеңберінде және персонализациялау жағдайында да құрылымдауға серпінді бетбұрыс жасайды [25].

ЮНЕСКО өкілі S. Braslavsky, «дәстүрлі мектеп бағдарламалары арқылы меңгерілген когнитивті білімдер мен дағдылар білім берудің нәтижесі болып саналады, дегенмен құзыретті іріктеу бұл шектермен тұйықталмауы тиіс деп пайымдайды [26]

Оқыту және оқытуды жобалау педагогикалық стратегияларды жоспарлауды, жүзеге асыруды және бағалауды қамтитын мәселелерді шешудің итеративті процес болып табылады [27].

Құзыреттер мен дағдыларды зерттеуде болашақтағы білімнің дамуы үшін келесі

дағдылар зерттеушілер тарапынан назарға алынды, атап айтқанда когнитивті және метакогнитивті дағдылар (сыни ойлау, шығармашылық ойлау, оқи алу іскерлігі мен өзін-өзі реттеу); әлеуметтік және эмоционалды дағдылар (эмпатия, өзіндік тиімділік және ынтымақтастық); практикалық дағдылар (ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа құрылғыларын қолдану) [28].

Педагог метакогнитивті іс-әрекетті жүзеге асыру барысында өзінің когнициясын, атап айтқанда адам жөніндегі, педагогикалық іс-қимылдың міндеттері мен стратегиясы туралы білімдерді және олармен байланысты эмоцияларды қадағалайды да, мәселені шешу үшін оларды реттейді [29]. Оқыту шын мәнінде педагогикалық мәселелерді шешу бойынша метакогнитивті іс-әрекет, метакогнитивті мұғалімдердің табысты да сәтті оқыта алатынының ықтималдығы жоғары болады [30].

«Метакогниция» ұғымы рефлексивті (адамның өзінің өзіндік танымы, өзінің танымдық шеңберінің мүмкіндіктері мен шектеуліктері туралы ұғымының болуы) және реттеу (адамның өзінің танымы туралы білім мен оны басқару жүзеге асатын әр алуан стратегиялар, интеллектуалды дағдылар; метакогнитивті тәжірибе құрылымы осы функцияны атқарады, яғни дара интеллектуалды ресурстарды қашан, қай уақытта және қалай қолдануға болатынын анықтайды) сияқты екі феноменді ажыратуға мүмкіндік берді [31].

Нәтижелер. Әлеуметтік педагог тұлғасының кәсіби сәйкестілігінің оның байланыстары мн позициясының алуан түрлілігін ескере отырып, бірнеше сәйкестіліктен тұратынын айтуға болады, атап айтқанда адамның сәйкестілігі, тұлғаның сәйкестілігі, мұғалімнің сәйкестілігі, ұлттық сәйкестілік, гендерлік сәйкестілік және т.б. Контекст немесе қандай да бір сәйкестіліктің белсенді әрекет етуі немесе сәйкестіліктің бәсекелесу барысында басымдықтың қайсысына берілетініне байланысты әлеуметтік педагог осы сәйкестіліктің арасында келісім жүргізуге

тырысады да, келісілген сәйкестілік белгілі бір когницияларды, эмоцияларды және іс-қимылдарды басқаруға қатысады. Когнициялар, эмоциялар, іс-қимылдар олардың кәсіби сәйкестілігінің репрезентациясы болып табылады [32].

Метатаным көбінесе адамның өзін-өзі ұғынуы мен өзін-өзі бақылауы туралы білімдерді, метакогнитивті дағдыларды, стратегиялар мен операцияларды қамтитын ақыл-ой әрекетінің жоғары деңгейі деп түсіндіріледі. Негізгі метакогнитивті дағдылардың қатарында мәселелерді шешу бойынша өзінің іс-қимылдарын жоспарлау мен оларды бақылау, мүмкін болатын нәтижелерді болжау және оларды реалды шешімдермен салыстыру қабілеттілігі бар [33].

Метатаным мәселесін эмпирикалық зерттеудің басты бағыттарына метатанымды бағалау құралдарын зерттеу; метакогнитивті оқыту процестерін зерттеу, метатаным негізінде педагогикалық араласу/интервенцияны зерттеу үрдісі байқалып отыр. Олай болса, мәдениет және мәдени өзгерулердің топтар мен жеке адамдардың сәйкестілігіне әсер ету деңгейі жоғары болады [34].

Қызметкерлердің ниеттестігін қалыптастыруға әсер ететін негізгі қажеттіліктер мен факторлардың арасында отандық зерттеушілер мыналарды бөліп көрсетеді: «жұмысқа және еңбек жағдайларына қанағаттанушылық; жалақы деңгейі;

басшылықпен қарым-қатынас; әріптестермен қарым-қатынас; атқаратын қызметі; мансаптық өсу және өзін-өзі іске асыру мүмкіндігі [35].

Қорытынды. Ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау кәсіби сәйкестіліктің әр алуан концептуализациясына қарамастан рөлдік қабылдауды, әлеуметтік сәйкестіліктің түрі ретінде конструктивтен реляциондық контекстегі әлеуметтік педагогтердің өзара әрекеттестігі процесінде анықталатын және трансформацияланатын атрибуттармен байланысты индивидтің тұлғалық және әлеуметтік қырларын қамтуға дейін дамығанын көрсетеді.

Педагогтердің кәсіби сәйкестілігін қалыптастыруды іргелі зерттеу күрделі өзгерулерге ұшырап отыратын заманауи білім беру ұйымдарында әлеуметтік педагог болудың қандай екенін когнитивті тұрғыда түсіну және сол өзгерулерді қалай басқарып отырғанын ұғу мен тану/мойындау туралы танымдық кеңістіктің мәндік әлеміне үлес қосады. Осы тұрғыдан қарағанда, әлеуметтік педагог тұлғасының кәсіби сәйкестілігінің когнитивті құрауыштарына аса мән беру қажет.

Қорыта айтқанда, әлеуметтік педагог тұлғасының кәсіби сәйкестілігі әмбебап феномен ретінде метакогнитивті тұғыр негізінде ғылыми тұрғыдан арнайы зерделеу бағытындағы ізденістердің жаңа басымдықтары болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Coral M.A., Bernuy A.E. Challenges in the Digital Transformation Processes in Higher Education Institutions and Universities //International Journal of Information Technologies and Systems Approach (IJTSA). – 2022. – Т. 15. – №. 1. – С. 1-14.
- [2] Fukuyama, Francis (2018) Identity: The Demand for Dignity and the Politics of Resentment. New York: Farrar, Straus and Giroux
- [3] Gur-Arie R., Johnson S., Collins M. Advancing child health and educational equity during the COVID-19 pandemic through science and advocacy //Israel Journal of Health Policy Research. – 2022. – Т.11. – №1. – С. 1-5
- [4] Turner J.C. et al. Red is covering the social group: A self-categorization theory. – Basil Blackwell, 1987.
- [5] Stryker, Sheldon. 1987a. "Identity Theory: Developments and Extensions." Pp. 89-104 in Self and Identity: Psychological Perspectives, edited by K. Yardley and T. Honess. London: Wile.
- [6] Ellemers N., Spears R., Doosje B. Self and social identity //Annual review of psychology. – 2002. – Т.53. – №1. – С.161-186.

- [7] Stets J. E., Burke P. J. Identity theory and social identity theory //Social psychology quarterly. – 2000. – С.224-237.
- [8] Koutouzis M., Spyriadou K. The interaction between professional and social identity of Greek primary school educators //Interaction. – 2017. – Т.9. – №4.
- [9] Tom P.A. van Oeffelt, Manon C.P. Ruijters, Anouk A.J.C. van Hees, P.Robert- Jan Simons. Professional identity, a neglected core concept of professional development. In: Black K, Warhurst R, Corlett S, eds. Identity as a Foundation for Human Resource Development, 2018: – P.237-251.
- [10] Volkmann M.J., Anderson M.A. Creating professional identity: Dilemmas and metaphors of a first-year chemistry teacher //Science Education. – 1998. – Т.82. – №3. – С.293-310.
- [11] Bullough, R.V. (1997). Practicing theory and theorizing practice. In J. Loughran, & T. Russell (Eds.), Purpose, passion and pedagogy in teacher education (PP.1331). – London: Falmer Press.
- [12] Шакурова А.В. Профессиональная идентичность учителей как субъектов трудовой деятельности //Автореф. дисс... д-ра социол.наук. – Нижний Новгород, 2014. – 52 с.
- [13] Чикарова Г.И. Профессиональная идентичность молодых учителей в крупном российском городе: факторы, структура, тенденции трансформации (на материале г.Ростова-на-Дону) //Дисс ...канд. социол.наук. – Ростов-на Дону, 2021. – 185 с.
- [14] Карабанова О. А., Захарова Е. И., Старостина Ю. А. Личностная идентичность как основа построения профессиональной и семейной карьер в условиях неопределённости //Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Психологические науки. – 2021. – №3. – С.6-23.
- [15] Абульханова-Славская К. А. Стратегия жизни. – М.: Мысль, 1991. – 299 с.
- [16] Тарантей Л.М. Национальная идентичность педагога: определение понятия //Вестник Мазырскага дзяржаўнага педагагічнага ўніверсітэта ім. П.Шамякіна. –2021. – №1. – С.76-84.
- [17] Galliher, R.V.; McLean, K.C.; Syed, M. An Integrated Developmental Model for Studying Identity Content in Context. Dev. Psych. 2017, 53, 2011–2022.
- [18] Осадчук О.Л., Рыбакова Н.Н. Формирование профессиональной идентичности будущих педагогов в условиях рефлексивного обучения //Наука о человеке: гуманитарные исследования. – 2021. – Т.15. – №1. – С.85-94.
- [19] Чекалева Н.В., Алексеева Т.Ю. Развитие профессиональной идентичности на основе профессионально-ценностных ориентации будущих педагогов //Вестник Омского государственного педагогического университета. Гуманитарные исследования. – 2021. – №3 (32). – С.159-162.
- [20] Смоляр А.И. Профессиональная идентичность в контексте развития самосознания будущего учителя //Педагогическое образование: вызовы XXI века: материалы XI междунар. науч.-практ. конф., посв. памяти выдающегося ученого-педагога, академика В.А. Сластенина. – М.: МПГУ, 2020. – С.135-140.
- [21] DeMarree, K.; Morrison, K.R. What do I Think About who I am? Metacognition and the Self-Concept. In Social Metacognition; Briñol, P., DeMarree, K., Eds.; Taylor & Francis: New York, NY, USA, 2012. – PP. 103–120.
- [22] Sadykova N.M. et al. Psychological research of the formation of professional identity in psychology students //Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. –2019. –Т.69. – №2. – С.18-23.
- [23] Fitzgerald A. Professional identity: A concept analysis //Nursing Forum. – 2020. – Т. 55. – №3. – С.447-472.
- [24] Klein J.L., Beeson E.T. An exploration of clinical mental health counselors' attitudes toward professional identity and interprofessionalism //Journal of Mental Health Counseling. – 2022. – Т.44. – №1. – С.68-81.
- [25] Segal A. When the student is the «problem» and the teacher is not the solution: Teacher professional identity in an era of accountability and personalized instruction //Learning, Culture and Social Interaction. – 2022. – Т.32. – С.100.
- [26] Braslavsky, C. (2004). Development of key competencies in education: some lessons from international experience. http://www.ibe.unesco.org/cops/russian/IBE_Competerences.pdf
- [27] Orgoványi-Gajdos, J. Differences between Expert and Novice Teachers' Attitude to Challenging Classroom Situation. In New Aspects in European Teacher Education; Fulas, I., Orgoványi-Gajdos, J., Eds.; Líceum Kiadó: Eger, Hungary, 2016. – PP.142-165

[28] Сагинтаева А., Мусина А., Сулейменова А., Каратабанов Р., Куракбаев К., Пристли Д. Разработка образовательных программ: локальные ответы на глобальные вызовы высшего образования: Монография. – Нур-Султан, 2021. – 163 с.

[29] Hiver P., Whitehead, G.E.K. Teaching Metacognitively. In *Metacognition in Language Learning and Teaching*; Naukás, Å., Bjørke, C., Dypedahl, M., Eds.; Routledge: New York, NY, USA, 2018; PP.243-262

[30] Lin, X., Schwartz, D.L.; Hatano, G. Toward teachers' adaptive metacognition. *Edu. Psych.* 2005, 40, 245–255.

[31] Вербицкий А.А., Кофейникова Ю.Л. Проблема формирования метакогниций студента в контекстном образовании //Педагогика и психология образования. – 2017. – №4. – С.118-130

[32] Han I. Comprehension of the Co-Operation of Professional Identity and Metacognition of English Teachers in Pedagogical Problem solving //Behavioral Sciences. – 2022. – Т.12. – №2. – С.32.

[33] Козулин А. Зачем учителям обучаться метакогнитивным навыкам? //Культурно- историческая психология. – 2021. – Т.17. – №2. – С.59-64

[34] Windzio M., Martens K. The Global Development, Diffusion, and Transformation of Education Systems: Transnational Isomorphism and 'Cultural Spheres' //Global Pathways to Education. – Palgrave Macmillan, Cham, 2022. – С.1-35.

[35] Лукпанов А.А., Ералиева А.А. Мұнай-газ өнеркәсібі кәсіпорындары қызметкерлерінің кәсіби-еңбектік сәйкестілігі: әлеуметтік зерттеу әдістемесі //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы: Әлеуметтік және саяси ғылымдар сериясы. – 2020. – №1 (69). – С.125- 129.

References

[1] Coral M. A., Bernuy A. E. Challenges in the Digital Transformation Processes in Higher Education Institutions and Universities //International Journal of Information Technologies and Systems Approach (IJITSA). – 2022. – Т. 15. – №. 1. – S. 1-14.

[2] Fukuyama, Francis (2018) Identity: The Demand for Dignity and the Politics of Resentment. New York: Farrar, Straus and Giroux

[3] Gur-Arie R., Johnson S., Collins M. Advancing child health and educational equity during the COVID-19 pandemic through science and advocacy //Israel Journal of Health Policy Research. – 2022. – Т.11. – №1. – S. 1-5. Turner J.C. et al. rediscovering the social group: A self-categorization theory. – basil Blackwell, 1987.

[4] Stryker, Sheldon. 1987a. "Identity Theory: Developments and Extensions." Pp. 89-104 in *Self and Identity: Psychological Perspectives*, edited by K. Yardley and T. Honess. London: Wile.

[5] Ellemers N., Spears R., Doosje B. Self and social identity //Annual review of psychology. – 2002. – Т.53. – №1. – S. 161-186.

[6] Stets J. E., Burke P. J. Identity theory and social identity theory //Social psychology quarterly. – 2000. – S. 224-237.

[7] Koutouzis M., Spyriadou K. The interaction between professional and social identity of Greek primary school educators //Interaction. – 2017. – Т.9. – №4.

[8] ByTom P. A. van Oeffelt, Manon C. P. Ruijters, Anouk A. J. C. van Hees, P. Robert-Jan Simons. Professional identity, a neglected core concept of professional development. In: Black K, Warhurst R, Corlett S, eds. *Identity as a Foundation for Human Resource Development*, 2018: – P.237-251.

[9] Volkmann M.J., Anderson M.A. Creating professional identity: Dilemmas and metaphors of a first-year chemistry teacher //Science Education. – 1998. – Т.82. – №3. – S. 293-310.

[10] Bullough, R.V. (1997). Practicing theory and theorizing practice. In J. Loughran, & T. Russell (Eds.), *Purpose, passion and pedagogy in teacher education* (PP.1331). – London: Falmer Press.

[11] Shakurova A.V. Professional'naya identichnost' uchitelej kak sub"ektivnoy trudovoj deyatel'nosti //Avtorf. diss... d-ra sociol.nauk. – Nizhnij Novgorod, 2014. – 52 s.

[12] Chikarova G.I. Professional'naya identichnost' molodyh uchitelej v krupnom rossijskom gorode: faktory, struktura, tendencii transformacii (na materiale g.Rostova-na-Donu) //Diss... kand.sociol.nauk. – Rostov-na Donu, 2021. – 185 с.

[13] Karabanova O. A., Zaharova E. I., Starostina YU. A. Lichnostnaya identichnost' kak osnova postroeniya professional'noj i semejnoy kar'er v usloviyah neopredelyonnosti //Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo oblastnogo universiteta. Seriya: Psihologicheskie nauki. – 2021. – №3. – S.6-23

- [14] Abul'hanova-Slavskaya K. A. *Strategiya zhizni*. – M.: Mysl', 1991. – 299 s.
- [15] Tarantej L.M. Nacional'naya identichnost' pedagoga: opredelenie ponyatiya //Vesnik Mazyrskaga dzyarzhajnağa pedagogichnaga ýniversiteta im. IP Shamyakina. –2021. – №1. – S.76- 84.
- [16] Galliher, R.V.; McLean, K.C.; Syed, M. An Integrated Developmental Model for Studying Identity Content in Context. *Dev. Psych.* 2017, 53, 2011–2022.
- [17] Osadchuk O.L., Rybakova N.N. Formirovanie professional'noj identichnosti budushchih pedagogov v usloviyah refleksivnogo obucheniya //Nauka o cheloveke: gumanitarnye issledovaniya. – 2021. – T.15. – №1. – S. 85-94.
- [18] Chekaleva N.V., Alekseeva T.Yu. Razvitie professional'noj identichnosti na osnove professional'no-cennostnyh orientacii budushchih pedagogov //Vestnik Omskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta. Gumanitarnye issledovaniya. – 2021. – №3 (32). – S.159-162.
- [19] Smolyar A.I. Professional'naya identichnost' v kontekste razvitiya samosoznaniya budushchego uchitelya // Pedagogicheskoe obrazovanie: vyzovy XXI veka: materialy XI mezhdunar. nauch.-prakt. konf., posv. pamyati vydayushchegosya uchenogo-pedagoga, akademika V.A. Slastenina (Moskva, 24-25 sentyabrya 2020). – M.: MPGU, 2020. – S.135-140.
- [20] DeMarree, K.; Morrison, K.R. What do I Think About who I am? Metacognition and the Self-Concept. In *Social Metacognition*; Briñol, P., DeMarree, K., Eds.; Taylor & Francis: New York, NY, USA, 2012. – PP.103–120.
- [21] Sadykova N. M. et al. Psychological research of the formation of professional identity in psychology students //Vestnik KazNU. Seriya psihologii i sociologii. –2019. –T.69. – №2. – S.18- 23.
- [22] Fitzgerald A. Professional identity: A concept analysis //Nursing Forum. – 2020. – T.55. – №3. – S.447-472.
- [23] Klein J. L., Beeson E. T. An exploration of clinical mental health counselors' attitudes toward professional identity and interprofessionalism //Journal of Mental Health Counseling. – 2022. – T.44. – №1. – S.68-81.
- [24] Segal A. When the student is the «problem» and the teacher is not the solution: Teacher professional identity in an era of accountability and personalized instruction //Learning, Culture and Social Interaction. – 2022. – T.32. – S.100.
- [25] Braslavsky, C. (2004). Development of key competencies in education: some lessons from international experience. http://www.ibe.unesco.org/cops/russian/IBE_Competerences.pdf
- [26] Orgoványi-Gajdos, J. Differences between Expert and Novice Teachers' Attitude to Challenging Classroom Situation. In *New Aspects in European Teacher Education*; Fulas, I., Orgoványi-Gajdos, J., Eds.; Líceum Kiadó: Eger, Hungary, 2016; pp. 142–165
- [27] Sagintaeva A.K., Musina A., Sulejmenova A., Karatabanov R., Kurakbaev K., Pristli D. Razrabotka obrazovatel'nyh programm: lokal'nye otvety na global'nye vyzovy vysshego obrazovaniya: Monografiya. – Nur-Cultan, 2021. – 163 s.
- [28] Hiver, P.; Whitehead, G.E.K. Teaching Metacognitively. In *Metacognition in Language Learning and Teaching*; Haukås, Å., Bjørke, C., Dypedahl, M., Eds.; Routledge: New York, NY, USA, 2018; pp. 243–262
- [29] Lin, X.; Schwartz, D.L.; Hatano, G. Toward teachers' adaptive metacognition. *Edu. Psych.* 2005, 40, 245–255.
- [30] Verbickij A.A., Kofejnikova Yu.L. Problema formirovaniya metakognicij studenta v kontekstnom obrazovanii //Pedagogika i psihologiya obrazovaniya. – 2017. – №4. – S.118-130
- [31] Han I. Comprehension of the Co-Operation of Professional Identity and Metacognition of English Teachers in Pedagogical Problem solving //Behavioral Sciences. – 2022. – T.12. – №2. – S.32.
- [32] Kozulin A. Zachem uchitelyam obuchat'sya metakognitivnym navykam? //Kul'turno- istoricheskaya psihologiya. –2021. – T.17. – № 2. – S. 59–64
- [33] Windzio M., Martens K. The Global Development, Diffusion, and Transformation of Education Systems: Transnational Isomorphism and 'Cultural Spheres' //Global Pathways to Education. – Palgrave Macmillan, Cham, 2022. – S.1-35.
- [34] Lukpanov A., Eralieva A. Professio et labor adaequationis ministrorum olei et industriae gasi: methodi investigationis socialis //Nomenclator KazNPU ab Abai nominatus. "Scialium et scientiarum politicarum" series. – 2020. – №1 (69). – P.125-129

**Формирование профессиональной идентичности личности социального педагога:
метакогнитивный подход**

Г.Ж. Менлибекова¹, С.Б. Ибраев¹

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

(Нур-Султан, Казахстан)

Аннотация

В статье рассматриваются роль, сущность и содержание метакогнитивного подхода к исследованию проблем формирования профессиональной идентичности личности социального педагога. Обосновывается важность использования метакогнитивного подхода и структуры метакогнитивного знания в научных исследованиях. Метакогнитивный подход определяет критерии надежности метакогнитивных знаний. На основе метакогнитивного подхода осуществляется контент-анализ уровня исследования феномена профессиональной идентичности личности, представленных в различных научных дискурсах. Представлен анализ сущности понимания профессиональной идентичности на метакогнитивном подходе, характеристик преемственности, динамичности, приверженности современным трансформационным процессам, изученных на межпредметном и транспредметном контекстах исследовании в области философии, социологии, психологии, когнитивных наук, педагогики. В условиях пространства и персонализации, требующих глобальной ответственности и подотчетности, необходим прорыв в структурировании профессиональной идентичности личности.

Ключевые слова: профессиональная идентичность; метапознание; метакогнитивный подход; метазнание.

**Formation of professional identity of the personality of a social teacher:
a metacognitive approach**

G. Menlibekova¹, S. Ybraev¹

¹Eurasian National University. L.N. Gumilev

(Nur-Sultan, Kazakhstan)

Abstract

The article examines the role, essence, and content of the metacognitive approach to the study of problems of formation of the professional identity of the individual social pedagogue. The article substantiates the importance of using the metacognitive approach and the structure of metacognitive knowledge in scientific research. The metacognitive approach defines the reliability criteria of metacognitive knowledge. Based on the metacognitive approach, a content analysis of the level of research into the phenomenon of personal professional identity presented in various scientific discourses is carried out. The analysis of the essence of understanding professional identity in the metacognitive approach, the characteristics of continuity, dynamism, commitment to modern transformation processes, studied in the interdisciplinary and transdisciplinary contexts of research in philosophy, sociology, psychology, cognitive sciences, pedagogy is presented. Under conditions of space and personalization that require global responsibility and accountability, a breakthrough in the structuring of the professional identity of the individual is necessary.

Keywords: professional identity; metacognition; metacognitive approach; meta-cognition.

Редакцияға 25.02.2022 қабылданды.